

Денсаулық сақтау ұйымдарының мемлекеттік болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі жөніндегі кейбір мәселелер

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 185 бұйрығы ("Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені", 2002 ж., N 16, 578-құжат) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 21 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1758. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Қ а р а н ы з

Р 0 7 0 0 0 1 4 0 0

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Денсаулық сақтау ұйымдарының мемлекеттік болып табылмайтын қызметкерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу Ережесі;
- 2) денсаулық сақтау ұйымының медициналық қызметкерлерінің кезекшілігін ұйымдастыру және ақы төлеу Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қаржы департаменті (Литвиненко Т.В.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген сәттен бастап енгізіледі және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министрі А.Т. Айдархановқа жүктелсін.

Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 0 а қ п а н д а ғ ы N 1 8 5
бұйрығымен бекітілген

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ӨТІЛІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже денсаулық сақтау ұйымдарының мемлекеттік емес қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу тәртібі мен ш а р т т а р ы н р е т т е й д і .

Мамандық бойынша жұмыс өтіліне сол мамандық бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарға қарамастан мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары мен басқа да ұйымдардағы жұмыстың уақыты есептеледі.

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002.04.19. N 394 бұйрығымен.

2. Дәрігерлік лауазымда жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы б о й ы н ш а ж ұ м ы с ө т і л і н е :

1) д ә р і г е р л е р г е :

жоғары немесе орта медициналық немесе фармацевтік білімі немесе дәрігерлік немесе фармацевтік қызметте жұмыс істеу құқығын беретін білімі болған кезде дәрігерлік, фармацевтік және орта медициналық қызметкер лауазымындағы, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымындағы басшылық ету қызметіндегі жұмыс уақыты, сондай-ақ 1999 жылдың 1 қыркүйегіне дейін интернатурада, клиникалық ординатурада, тағылымдамада болған және аспирантурада, клиникалық практикамен байланысты оқыған кездегі уақыты;

2) жоғары медициналық білімі болмағандарға;

жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша лауазымдардағы, сондай-ақ дәрігерлік, фармацевтік және медициналық қызмет лауазымдарындағы жұмыс у а қ ы т ы е с е п т е л е д і .

Ескерту. 2-тармақ толықтырылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002.04.19. N 394 бұйрығымен.

3. Орта медициналық қызметкер лауазымында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне:

1) орта медициналық білімі болғандарға:

денсаулық сақтау ұйымының орта медициналық немесе фармацевтік қызметшісі, оның ішінде басшылық ету және медициналық-әлеуметтік комиссия хатшысы қызметтеріндегі жұмыс уақыты;

2) орта медициналық білімі болмағандарға:

жоғары немесе орта арнаулы оқу орнында алған мамандығы бойынша лауазымдағы, сондай-ақ орта медициналық немесе фармацевтік қызметкер, оның ішінде басшылық ету қызметтеріндегі және белгіленген тәртіппен аталған қызметте жұмыс істеуге жіберілген дәрігерлік-еңбек сараптау комиссиясының

хатшысы лауазымындағы жұмыс уақыты есептеледі.

4. Провизор лауазымында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне жоғары немесе орта медициналық немесе фармацевтік білімі немесе медициналық немесе фармацевтік қызметпен айналысу құқығын беретін білімі болған кезде денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлік, фармацевтік және орта медициналық қызметшісі, оның ішінде басшылық ету қызметтеріндегі жұмыс уақыты, сондай-ақ 1995 жылғы 29 қарашаға дейін осы қызметке жіберілген және жұмыс істеген қызметкерлердің жұмыс уақыты есептеледі.

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002.04.19. N 394 бұйрығымен.

5. Орта фармацевтік қызметші лауазымында жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандықтары бойынша жұмыс өтіліне орта фармацевтік немесе медициналық қызметші лауазымдарындағы, оның ішінде басшылық ету қызметіндегі жұмыс уақыты, сондай-ақ 1995 жылғы 29 қарашаға дейін осы қызметке жіберілген және жұмыс істеген қызметкерлердің жұмыс уақыты есептеледі.

6. Медициналық емес психолог, энтомолог, зоолог, биолог және басқа да лауазымдарда жұмыс істейтін қызметкерлердің мамандығы бойынша жұмыс өтіліне жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша, сондай-ақ дәрігерлік, фармацевтік және орта медициналық қызметкер, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымында басшылық ету қызметтеріндегі жұмыс уақыты есептеледі.

7. Кіші медициналық қызметші лауазымында жұмыс істейтін адамдардың мамандығы бойынша жұмыс өтіліне барлық денсаулық сақтау ұйымдарындағы, сондай-ақ медициналық ғылыми-зерттеу ұйымдары мен оқу орындарындағы жұмыс уақыты есептеледі.

8. Медициналық және фармацевтік қызметші лауазымында жұмыс істейтін адамдардың мамандығы бойынша жұмыс өтіліне осы лауазымдарда жұмыс істеуге арналған қолданыстағы ережелерге сәйкес медициналық немесе фармацевтік білім талап етілетін барлық мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар лауазымдарындағы жұмыс уақыты есептеледі, ол жұмыс істеген мекеменің, кәсіпорынның немесе ұйымның тиісті құжатымен расталады.

9. Мамандық бойынша жұмыс өтіліне ұқсас мамандық бойынша қызметтегі жұмыс уақыты, сондай-ақ бұрынғы мамандығы бойынша жұмысты жалғастыру үшін қарсы көрсеткіштердің туындауына байланысты оған ұқсас емес мамандық бойынша қызметтегі жұмыс уақыты есептеледі.

10. Медициналық және фармацевтік қызметкер лауазымында жұмыс істейтін адамдардың және еңбек айлықақысы бойынша оларға теңестірілген мамандардың мамандығы бойынша жұмыс өтіліне қосымша шарттар мен шектеулерсіз:

1) медициналық оқу орындарындағы (курстардағы), ғылыми-зерттеу және

әдістемелік денсаулық сақтау ұйымдарындағы (бөлімшелеріндегі) ғылыми, педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс уақыты, сондай-ақ аталған ұйымдардағы (бөлімшелеріндегі) мемлекеттік қызметтегі және зерттеуші-стажер мен зертханашы қызметтеріндегі жұмыс уақыты, мамандығы бойынша білімін жетілдіру, мамандандыру немесе біліктілігін көтеру курстарындағы оқу уақыты;

2) жұмыстан заңсыз босатылған немесе басқа жұмысқа ауыстырылған және соңынан жұмысқа қайта алынған кезде ықтиярысыз бос жүрген уақыты;

3) жағымсыз себептер бойынша қызметінен босатылған адамдардан басқа, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының Қарулы Күштеріндегі, ішкі, шекаралық әскерлеріндегі, азаматтық қорғаныс басқармаларының органдары мен бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің органдары жүйесіндегі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының республикалық ұланындағы офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың мерзімнен тыс қызмет әскери қызметшілерінің нақты әскери қызмет өткерген уақыты;

4) жүктілігі мен тууы бойынша демалыс уақыты, сондай-ақ заңнамаға сәйкес жалақысын сақтамай баланы күту бойынша берілген қосымша демалыс уақыты;

5) мемлекеттік органдар мен ұйымдар медициналық қызметі бойынша шетелге жіберген жағдайда, егер қызметкер шетелге барар алдында медициналық қызметте жұмыс істеген болса, халықаралық ұйымдардағы жұмыс уақыты;

б) егер осы қызметтер заңнамаларға сәйкес медициналық және фармацевтік қызметшілер лауазымдарына жатқызылған болса, денсаулық сақтау ұйымына техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырған және оның жұмыс істеуін қамтамасыз еткен қызметкерлер қызметтеріндегі жұмыс уақыты;

7) егер қызметкер оқуға түскенге дейін медициналық қызметте жұмыс істеген және оны бітіргеннен кейін медициналық қызметпен байланысты жұмысқа қайтып келген болса, жұмыстан қол үзіп даярлау, қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін көтеру жөніндегі курстарында оқыған уақыты;

8) барлық деңгейдегі депутаттардың өкілеттіктерін жүзеге асыру уақыты.

Ескерту. 10-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002.04.19. N 394 бұйрығымен.

11. Барлық қызмет аясы үшін ортақ лауазымдарға арналған мамандық бойынша жұмыс өтіліне:

1) 10-тармақта көрсетілген барлық шарттар;

2) оның еңбектік қызметі өткерілген қызмет аясына қарамастан мамандығы, сондай-ақ ұқсас мамандығы бойынша жұмыс өтілі есептеледі.

12. Осы ережеге сәйкес есептелетін жұмыс өтілі күнтізбелік есептеумен

Жалпыға бірдей белгіленген демалыс күн - жексенбі.

2) Әрбір жағдайда түнгі уақыттағы әрбір сағатқа (кезекшілік) кемінде жартылай мөлшерде ақы төленеді. (Түнгі болып кешкі сағат 22-ден таңғы 6-ға дейінгі уақыт есептеледі).

3) Дәрігерлердің негізгі қызметі бойынша жұмыс уақытының шегінен тыс атқарылатын жұмысының (кезекшілік) шарттары негізгі жеке еңбек шартында ескерілуі тиіс.

4) Медициналық қызметкерге, оның демалысы күні кестеде көзделген жұмысқа тартқан кезде, оған екі реттік мөлшерден кем емес өтемақы төлемі төленеді. Қызметкердің ықыласы бойынша өтемақы демалыс күніне ауыстырылуы мүмкін.

Ескерту. 1-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2002.04.19. N 394 бұйрығымен.

2. Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрігерлері мен орта медициналық қызметкерлер үшін ұйымның түріне және оның орналасқан орнына қарамастан үйдегі кезекшілік енгізілетін болады.

Кезекшілік тиісті қызметкерлердің есептік кезеңіндегі жұмыс уақытының теңгерімі шегінде де, сол сияқты жұмыс уақыты нормасының шегінен тыс та жүзеге асырылады. Жұмыс уақытының айлық нормасы шегінде күндізгі де, түнгі де уақытта атқарылатын үйдегі кезекшілікке жұмсалған уақыт кезекшіліктің әрбір сағатының жарты сағаты ретінде есептеледі.

Жұмыстан тыс, кешкі және түнгі уақытта атқарылатын үйдегі кезекшілік іс жүзіндегі кезекшілік уақыты үшін қосымша ақы төлеуге жатады.

Аталған кезекшілікті (жұмыс уақыты нормасының шегінде де, сол сияқты жұмыс уақытының нормасынан тыс та) атқаратын қызметкер ұйымға, уақиға орнына, науқастың үйіне шақырылған жағдайда, шақыруға жұмсалған уақытқа денсаулық сақтау қызметкерлерінің түнгі уақыттағы еңбегіне ақы төлеудің қолданыстағы тәртібін сақтай отырып, маманның іс жүзінде атқарылған жұмыс уақыты үшін лауазымдық айлықақысы (төлем бәсі) есебінен ақы төленеді.

Осындай тәртіппен даярлығы тұрақты медициналық бригадалардың және авариялар, апаттар, зілзалалар мен басқа да төтенше жағдайлар кезінде тікелей шұғыл медициналық көмек көрсету және құтқару жұмыстары үшін ұйымдастырылған арнайы тағайындалған көптеген жұмыстар атқаратын медициналық жасақтардың мамандарына жұмыстан тыс, кешкі және түнгі уақыттағы үйдегі кезекшілікке ақы төлеу жүргізіледі.

